



Сабақтың тақырыбы:

Жеміс және тұқым.



Мақсаты

Білімділік: Оқушыларға өсімдіктердің қалай өсіп-өнетіні жөнінде түсінік беру.

Дамытушылық: Қосымша тапсырмалар орындату арқылы ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, танымдық белсенділіктерін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Тәрбиелік: Қоршаған ортаға қамқор болуға, табиғатты сүюге баулу.





Сабақтың түрі:

аралас сабақ

Сабақтың әдісі:

түсіндіру, талдау.

Пәнаралық байланыс: ана тілі, бейнелеу.

Көрнекілігі:

жемістер, жеміс тұқымдары,

суреттер, сызбалар.



Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Психологиялық дайындық.

**Қоршаған орта – табиғат
Жануар, өсімдік, адамзат.**

Сүю, Қорғау – парасат,

Білейік мұны – жамағат

II. ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ.

1. Өсімдік дегеніміз не?
2. Өсімдік мүшелерін ата.


Жұмбақтар шешу.

1. Ағаш толы сары шымшық,
Сілкіп көрсең түседі ұшып. (жапырақ)
2. Бойындағы жинап алған бар нәрін,
Сабағы мен жапырағына береді. (тамыр)
3. Өсімдіктің бойлап өсер тірегі,
Көп мүшенің ішіндегі бірі еді.
Жоғары төмен тұратұғын таратып,
Осы мүше өсімдіктің тірегі. (сабақ)
4. Аспай піскен, Қайнамай түскен (жеміс)
5. Көктемде көгереді, жазда жайқалады.
Күзде сарғаяды, Қыста тамырланады. (өсімдік)



Оқушыларды топқа бөлу

1. топ – Өсімдік
2. топ – Тамыр
3. топ – Жапырақ
4. топ – Сабақ
5. топ – Жеміс



Өткен тақырыптарды тексеру.
Әр топқа тапсырма беру.



1 топ.

Өсімдік дегеніміз не?

(топтастырып жазу)



ағаш





бұта

**тірі
ағза**

Өсімдік

шөп

**ауа, су,
жылу,
қорек
қажет**



2 топ.
Тамырдың қызметі (еркін жазу)

3 топ.
Жапырақтың қызметі (топтастырып жазу)

ауаны
тазарта
ды

оттегі
н
бөледі

пішіні
әр түрлі

көмірқышқыл
газын
сіңіреді

сән
береді

4 топ.

Сабақтың түрлері (суретін салу)

5 топ.

Жемістер туралы не білеміз? (кестені толтыру)

Кестені 1,2 бағанын толтырады.

Білемін	Білгім келеді	Білдім

Оқушылар жеке-жеке толтырып, топта қарастырып, бір оқушы топтың атынан айтады.



III. Жаңа сабақ



1. Балалар, біз жемістер туралы не білеміз?
Жемістерді көрсету – алма, өрік, шие, алхоры т.б.






жемісі

2. Жұмбақ шешу.
Біреуін бердім
Онын тердім. (тұқым)
Тұқымдарды көрсету.



гүлі

- Ненің тұқымы? (Әрқайсысын атату)
- Өсімдік тұқымнан өседі.
- Бірінші тамыр, сабақ, жапырақ, гүл, сосын жеміс пайда болатынынын суреттер бойынша түсіндіру. Гүл сабақта жетіледі. Өсімдік жетіліп өсе келе гүлдің түбі түйінделеді. Бұл “гүл түйіні” деп аталады. Гүл түйіні үлкейіп өскен сайын гүлдің күлтелері солып, түсіп қалады. Сол түйіннен жеміс жетіледі. Жемістің ішінде тұқым болады.
- Бидай, арпа, жүгері, сұлы егістіктің дақылдарының тұқымын “дән” дейді.
- Бау-бақша өсімдіктерінің тұқымы жеміс пен жидектердің ішінде болады. Көп өсімдіктердің жемісі екі-үш айда піседі.



Жемістер құрғақ және шyrынды болады.



Жемістер



Құрғақ

бидай, жүгері,
жаңғақ, тары,
бұршақ т.б.

Шyrынды



Өрік, алма,
жүзім, шие
Қарбыз т.б.



IV. Оқулықпен жұмыс **Мәтінді бөлікке бөліп оқыту.**





Әр топ бір-біріне сұрақтар қояды.

- Тұқым мен жеміс өсімдіктердің қандай мүшесі екенін айт.
- Шырынды жемістерге мысал келтір, олардың тұқымы туралы айт.
- Құрғақ жемістерге мысал келтір. Олардың тұқымы қалай аталады?
- Өсімдіктер тұқымының таралуы жайлы әңгімелер

V. Сергіту сәті.

Күннің көзі біздерді,
Жаттығуға тұрғызды.
“Бір” дегенде қолымыз,
Көтерілсін жоғары.
Ал төбеде көк шалғын,
Сыбырлайды көңілді.
“Екі” деген кезде сен,
Түсіре ғой қолыңды.






Топтық тапсырмалар



- 1 топ. Жемістердің суретін салу.
- 2 топ Шырынды, құрғақ жемістерді ажырату.
- 3 топ. Жеміс үлестіру. (сипаттау мәтінін құру)
- 4 топ. Табиғатты қорғау туралы қандай ақыл кеңестер білесіңдер?
- 5 топ. Семантикалық картаны толтыру.



	Жаңғақ	Дән	Жидек
Бидай		+	
Емен	+		
Итмұрын			+




ҮІ. Сабақты қорытындылау.


1. Өсімдіктер қалай өсіп өнеді?
2. Шырынды жемістерді ата.
3. Құрғақ жемістерді ата.



ҮІІ. Бағалау.

(Әр топ басшылары)





ҮІІ. Үйге тапсырма.

Мәтінді оқып, мазмұнын айту. Жемістердің суретін салу.

